

2010 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы

Күшін жойған

Қарағанды облысы әкімдігінің 2010 жылғы 04 мамырдағы N 13/16 қаулысы. Қарағанды облысы Әділет департаментінде 2010 жылғы 17 мамырда N 1878 тіркелді. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2011 жылғы 25 наурыздағы N 10/04 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Қарағанды облысы әкімдігінің 2011.03.25 N 10/04 (ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді) қаулысымен.

Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі "Әскери міндеттілік және әскери қызмет туралы" Заңының 19, 20, 23 баптарына, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 27 бабына сәйкес, Қазақстан Республикасы Президентінің 2010 жылғы 29 наурыздағы "Белгіленген әскери қызмет мерзімін өткерген мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерді запасқа шығару және Қазақстан Республикасының азаматтарын 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсанында кезекті мерзімді әскери қызметке шақыру туралы" N 960 Жарлығын жүзеге асыру мақсатында Қарағанды облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ Е Т Е Д І :**

1. Шақыруды кейінге қалдыруға немесе шақырудан босатылуға құқығы жоқ он сегізден жиырма жеті жасқа дейінгі ер азаматтар, сондай-ақ оқу орындарынан шығарылған, жиырма жеті жасқа толмаған және шақыру бойынша әскери қызметтің белгіленген мерзімін өткермеген азаматтарды 2010 жылдың сәуір-маусымында және қазан-желтоқсаны аралығында мерзімді әскери қызметке шақыру ұйымдастырылсын.

2. Азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды басқаруды үйлестіру және бақылауды ұйымдастыру үшін облыстық шақыру комиссиясының құрамы 1 қосымшаға сәйкес құрылсын.

3. Қалалар мен аудан әкімдіктері:

- 1) қалалық және аудандық шақыру комиссияларын құрсын;
- 2) шақыру комиссияларының жұмысын қамтамасыз ету және мерзімді әскери қызметке шақырылуға жататын азаматтардың шақыру учаскелеріне ұйымдасқан түрде келулері жөніндегі қажетті іс шаралар қабылдасын;
- 3) шақыру пунктін (шақыру учаскелері) жабдықтауды, дәрі-дәрмекпен, құралдармен, медициналық және шаруашылық мүліктермен, автомобиль

көлігімен қамтуды, сондай-ақ байланыс құралдарымен қамтамасыз етсін;

4) қызмет көрсететін медициналық және техникалық қызметкерлердің қажетті санын қамтамасыз етсін.

4. Қарағанды облысының денсаулық сақтау басқармасы (Е.Ә. Әбілқасымов) қалалық және аудандық медициналық шақыру комиссияларын дәрігер – мамандар және орта медициналық қызметкерлермен толықтырсын, облыстық жинау пунктiнiң базасында шақырылғандарды адам иммунитетi тапшылығы вирусiне тексеру және бақылау флюорографиялық тексеруiн ұйымдастырсын.

5. Қарағанды облысының iшкi iстер департаментi (Н.А. Рахымберлин - келiсiм бойынша) өз құзырының шеңберiнде:

1) қорғаныс iстерi жөнiндегi департаментiнiң басқармалары және бөлiмдерiмен бiрлесе отырып шақыру учаскелерiнде, жөнелту станцияларында, облыстық жинау пунктiнде тәрiптi қамтамасыз етудi ұйымдастыру;

2) әскери мiндетiн орындаудан бас тартқан тұлғаларды iздестiрудi және ұстауды жүзеге асыру;

3) әскери қызметке шақырудан бас тартқан тұлғалардың жеткiзiлуiн қамтамасыз ету ұсынылсын.

6. Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігiнiң мемлекеттiк санитарлық-эпидемиологиялық қадағалау Комитетiнiң Қарағанды облысы бойынша департаментi (Т.Н. Хамитов - келiсiм бойынша) облыстық жинау пунктi бөлмелерiнiң санитарлық жағдайын бақылауды қамтамасыз етсiн.

7. "Қазақтелеком" акционерлiк қоғамының Қарағанды облыстық телекоммуникациялар дирекциясына (Б.Р. Аманов) облыстық жинау пунктiнде байланыс құралдарының үздiксiз жұмысын қамтамасыз ету ұсынылсын.

8. Iшкi саясат басқармасы (Г.Х. Қаңтарбекова), Қарағанды облысының туризм, дене шынықтыру және спорт басқармасы (Е.Б. Халилин) қорғаныс iстерi жөнiндегi басқармалар және бөлiмдермен бiрлесе отырып соғыс, еңбек және Қарулы Күштер ардагерлерiмен кездесулер өткiзумен әскери-патриоттық сипаттағы тәрбиелiк iс-шараларды ұйымдастырсын және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерi, басқа да әскерлерi және әскери құрамаларына шақырушылардың командаларын аттандыру кезiнде спорт ұжымдарының көрсетiлiмдерiн өткiзсiн.

9. Қарағанды облысының мәдениет басқармасы (Р.К. Омарбекова) шақырылғандарды салтанатты шығарып салу күндерi көркемөнерпаз және шығармашылық ұжымдардың өнер көрсетуiн ұйымдастырсын.

10. Қарағанды облысының жұмылдыру дайындығы, азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасы (Ж.И. Ибадiлдин) шақыруды өткiзумен байланысты iс шараларды өткiзу үшін облыстың тиiстi ұйымдар және мекемелермен қажеттi шарттар

жасасын, олардың орындалуы үшін бақылауды жүзеге асырсын.

11. Қарағанды облысының қорғаныс істері жөніндегі департаменті (Т.Б. Амангелдиев - келісім бойынша) шақыру аяқталған соң облыс әкіміне оның қорытындылары туралы ақпарат тапсыру ұсынылсын.

12. Қарағанды облысы әкімдігі қаулысының күші жойылды деп танылсын (2 қ о с ы м ш а ғ а с ә й к е с) .

13. Осы қаулының орындалуына бақылау жасау облыс әкімінің орынбасары А.О. Қырықбаевқа жүктелсін.

14. Осы қаулы ресми жарияланған күннен бастап қолданысқа енеді.

Қ а р а ғ а н д ы о б л ы с ы н ы ң
әкімі С. Ахметов

КЕЛІСІЛДІ:

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
Денсаулық сақтау министрлігінің
мемлекеттік санитарлық-эпидемиологиялық
қадағалау Комитетінің Қарағанды облысы
бойынша департаментінің
д и р е к т о р ы
Т . Н . Х а м и т о в

2010 жыл 25 сәуір

Қарағанды облысының қорғаныс істері
жөніндегі департаментінің бастығы
Т . Б . А м а н г е л д и е в

2010 жыл 26 сәуір

Қарағанды облысының ішкі істер
департаментінің бастығы
Н . А . Р а х ы м б е р л и н

2010 жыл 26 сәуір

Қарағанды	облысы	әкімдігінің
2010	жыл	мамырдағы
"2010	жылы	азаматтарды
мерзімді	әскери	қызметке
шақыруды	өткізу	туралы"
№	13 / 16	қаулысына
1-қосымша		

Облыстық шақыру комиссия құрамы

Амангелдиев Талғат Бекмұратұлы комиссия төрағасы	- қорғаныс істері жөніндегі департаментінің бастығы–
Ибаділдин Жұмамәді Ибаділдәулы орынбасары	- жұмылдыру дайындығы азаматтық қорғаныс, авариялар мен дүлей апаттардың алдын алуды және жоюды ұйымдастыру басқармасының бастығы– комиссия төрағасының
Шинкарук Галина Васильевна хатшысы	- қорғаныс істері жөніндегі департаментінің облыстық медициналық комиссия медбикесі - комиссия

Комиссия мүшелері

Әуезов Әміржан Таңатарұлы дәрігер (келісім бойынша)	- қорғаныс істері жөніндегі департаментінің шақыру басқармасы бастығының орынбасары – медициналық комиссия төрағасы–	
Бөлекбаев Берік Сейітханұлы (келісім бойынша)	- ішкі істер департаменті бастығының орынбасары	
Сәдуақасов Төлеген Мергенұлы орынбасары	- денсаулық сақтау басқармасы бастығының	
Қарағанды 2010 "2010 мерзімді шақыруды N 2-қосымша	облысы жыл жылы әскери өткізу 13 / 16	әкімдігінің мамырдағы азаматтарды қызметке туралы" қаулысына

Күші жойылған қаулылар тізімі:

1. Қарағанды облысы әкімдігінің 2009 жылғы 4 мамырдағы "2009 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" N 12/06 қаулысының (Қарағанды облысының әділет департаментінде 2009 жылғы 27 мамырда N 1867 тіркелді; 2009 жылғы 2 маусымдағы "Орталық Қазақстан" газетінің N 81, 2009 жылғы 2 маусымдағы "Индустриальная Караганда" газетінің N 62 номерлерінде жарияланды);

2. Қарағанды облысы әкімдігінің 2007 жылғы 15 мамырдағы "2007 жылы азаматтарды мерзімді әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" N 10/04 қаулысының (Қарағанды облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 7 маусымда N 1829 тіркелді; 2007 жылғы 16 маусымдағы "Орталық Қазақстан" газетінің N 92-93, 2007 жылғы 16 маусымдағы "Индустриальная Караганда" газетінің N 70 номерлерінде жарияланды);

3. Қарағанды облысы әкімдігінің 2006 жылғы 29 қыркүйектегі "2006 жылы азаматтарды жедел әскери қызметке шақыруды өткізу туралы" N 20/02 қаулысының (Қарағанды облысының әділет департаментінде 2006 жылғы 20 қазанда N 1820 тіркелді; 2006 жылғы 26 қазандағы "Орталық Қазақстан" газетінің N 211-212, 2006 жылғы 26 қазандағы "Индустриальная Караганда" газетінің N 128 номерлерінде жарияланды).